

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақпарат орталығын құру және ішкі істер органдарының кезекші бөлімдерін нығайту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 15 желтоқсандағы N 1731

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жанынан басқарма құқығындағы Ақпарат орталығы құрылсын.
2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне қажетті техникалар сатып алуға 1.0 (бір) млн. теңге бөлсін, сондай-ақ 1995 жылға және одан кейінгі жылдарға Ақпарат орталығын құрып, оның жұмыс істеуі үшін 37 адам және ішкі істер органдарының кезекші бөлімдерін нығайту үшін - 48 адам штат саны мен оларды ұстау үшін қаражат көздесін.
3. Қазақстан Республикасы облыстарының, қалаларының, аудандарының әкімдеріне облыстардың ішкі істер басқармаларында штат саны 10-16 адам, қалалық, аудандық ішкі істер органдарында штат саны 1-2 адам есебінде жергілікті жерлерде Ақпарат орталығының бөлімшелерін құру үшін жергілікті бюджет есебінен қаражат бөліп, құрылған бөлімшелерді қажетті техникамен қамтамасыз ету ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары